

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 21 мамырдағы № 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20721 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6 т. қараңыз**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларын қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 335 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15031 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 3 мамырда жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасы қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 15) тармақшасына және 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес"

### **БҰЙЫРАМЫН:";**

Осы бұйрыққа 1-қосымшасына сәйкес Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Сот сарапшыларын аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 336 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15033 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 28 сәуірде жарияланған) келесі следующие изменения өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамасы қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 18) тармақшасына және 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес"

### **БҰЙЫРАМЫН:";**

Осы бұйрыққа 2-қосымшасына сәйкес Сот сарапшыларын аттестаттау қағидалары жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы қосымшаға 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің міндетін атқарушы*

*Н. Пан*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің м.а.  
2020 жылғы 21 мамырдағы  
№ 43 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2017 жылғы 30 наурыздағы  
№ 335 бұйрығымен  
бекітілген

## **Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сот сараптамасы қызметі туралы" 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 15) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, сот сарапшысы біліктілігін алуға үміткер тұлғалар (бұдан әрі - қызметті алушы) үшін "Сот сарапшысы біліктілігін беру" және "Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі түсініктер қарастырылған:

1) Бірыңғай байланыс-орталығы - ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік қызметтер және өзге де қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызмет алушыларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету

мәселелері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметінің функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын заңды тұлға;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

3) сот сарапшысы - арнайы ғылыми білімі бар және заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келетін, өзіне сот сараптамасын жүргізу тапсырылған, іске мүдделі емес жеке тұлға;

4) сот сарапшысы біліктілігін беру - адамның біліктілік емтиханын тапсырып, оған сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік куәлігін (бұдан әрі - біліктілік куәлігі) немесе сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымшаны беру (бұдан әрі - біліктілік куәлігіне қосымша);

5) "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz.](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нұсқада көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосудың техникалық шарттарын беру қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметтеріне қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

6) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңбамен құрылған және электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның тиесілігін және мазмұнның өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

## **2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі**

3. Сот сарапшысы біліктілігін беру және сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілікті беру көрсетілген қызметті алушының біліктілік емтиханды тапсырып, оған біліктілік куәлігін не біліктілік куәлігіне қосымшаны беру арқылы жүзеге асырылады.

4. Емтихан тапсыру кестесін отыз күнтізбелік күннен кем емес мерзімде, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысымен не болмаса оны ауыстыратын адаммен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) бекітіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыны таныстыру үшін көрсетілетін қызметті көрсетушінің ресми сайтында емтиханды тапсыру кестесінің көшірмесі орналастырылады.

5. Көрсетілетін қызметті алушы біліктілік емтиханын тапсырғанға дейін үш күн бұрын көрсетілген қызметті берушіге осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы "Сот сарапшысы біліктілігін беру" Стандарттың (бұдан әрі - Стандарт 1) және "Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамаларының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілікті беру" Стандартына (бұдан әрі - Стандарт 2) 8-тармақтарына сәйкес электрондық құжат түрінде біліктілік куәлігін не біліктілік куәлігіне қосымшаны алу үшін құжаттарды жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетудің негізгі талаптар тізімі үрдіс сипаттамасын, нысанды, көрсету мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету ерекшеліктері есебімен мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Стандарт 2-де көрсетілген.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде егер басқарлары Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылмаған жағдайда, ақпараттық жүйелеріндегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қолдануға келісім береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады.

Портал арқылы көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған өтініштің қабылданғаны туралы белгі жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің жетекшісі 4 (төрт) сағат ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінішін орындайтын жауаптыны белгілейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталған уақытта, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еібек заңнамасына сәйкес, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижиелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін тексереді.

Көрсетуден себептемелі бас тарту негіздемелері "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 19-1-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Стандарт 2 9-тармақтарында көрсетілген.

Көрсетілген қызметті алушы толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші жетекшісінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат түрінде өтінішті бұдан әрі қарастырудан себептемелі бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Стандарт 2 көрсетілген толық құжаттар пакетін ұсынған, сондай-ақ, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге себептемелі бас тарту үшін негізделердің болмағаны жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы біліктілік емтиханды жүргізу үшін көрсетілетін қызметті алушының материалдарын дайындайды - орындау мерзімі 3 (үш) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде - қызмет алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін сұранысты қабылданғаны туралы белгісі көрсетіледі.

6. Төртінші жұмыс күні қызмет алушының таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде 2 кезең бойынша емтихан өткізіледі:

1) компьютерлік тестілеу: қылмыстық-процестік құқық бойынша (20 сұрақ), азаматтық-процестік құқық бойынша (20 сұрақ), криминалистика бойынша (20 сұрақ), әкімшілік құқық бойынша (20 сұрақ), сот сарапшылары мен сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық мамандықтарының сот сарапшылары үшін Заң бойынша (20 сұрақ) барлығы 100 сұрақты құрайды.

Компьютерлік тестілеу сұрақтары қызмет алушының біліктілік дайындық бағдарламасының тақырыбы негізінде қалыптастырылды.

Ғылыми атағы немесе сараптама мамандығы бойынша бес жылдан кем емес еңбек өтілі бар қызмет алушының бас сарапшылары компьютерлік тестілеу сұрақтарының әзірлеушілері болып табылады.

2) білімін тексеру: сот сарапшылары мен сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық мамандықтарының сот сарапшылары үшін үш сұрақты қамтитын сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша емтихан билеттері бойынша.

Емтихан билеттері қызмет алушының барлық біліктілік дайындығы тақырыбы негізінде қалыптастырылады.

Барлық емтихан билеттері бірыңғай емтихан талаптарын - бірыңғай емтихан материалдарының көлемін, күрделі сұрақтар деңгейін, мысалдар мен есептерді қамтиды. Емтихан билеттері біліктілік даярлық бағдарламасының (модулдерінің) әр түрлі бөлімдерінен үш сұрақ (теориялық) бойынша қалыптастырылады.

Ғылыми деңгейі немесе сараптама мамандығы бойынша бес жылдан кем емес еңбек өтілі бар қызмет алушының бас сарапшылары емтихан билеттерінің әзірлеушілері болып табылады.

7. Тестілеу уақыты 90 минутты құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы емтиханды тапсыру кезінде қосымша құжаттарды (анықтамалық, арнайы әдебиеттерді), баланыс құралдарын, қандай да бір электрондық тасмалдағыштағы жазбаларды қолдануға рұқсат берілмейді.

Тестілеу аудиториясы аудио және бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушылар үшін компьютерлік тестілеуді өтудің межелік деңгейі жалпы сұрақтың 70 % кем емес дұрыс жауапты құрайды.

Тестілеу нәтижелерін есептеу автоматты түрде компьютерлік бағдарламамен жүргізіледі. Нәтижелер екі данада басылып шығарылады, оның бір данасы қызмет алушыға, екінші қол қойылған данасы көрсетілген қызметті алушының біліктілік ісінде сақталады.

Егер дұрыс жауап жалпы сұрақтың 70 % кем болған жағдайда, қызмет алушы келесі кезеңге жіберілмейді.

9. Емтихан билеттер бойынша білімді тексеру барысында екі және одан да көп сұраққа жауап берген жағдайда қызмет алушы емтиханды өтті деп саналады.

Көрсетілетін қызметті алушының Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтиханды тапсыру нәтижесі бойынша сот сарапшысы біліктілігін беру бойынша Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) келесі шешімді қабылдайды:

- 1) біліктілік берілді;
- 2) біліктілік берілмеді.

10. Сот сарапшысының біліктілігі Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бойынша беріледі.

11. Осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нәтижелер емтихан тапсырған күні хабарланады және нысан бойынша сот сарапшысы біліктілігін беру бойынша комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы электронды үлгіде куәлік немесе куәлікке қосымша жобасын ресімдейді және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысымен келіседі - орындау мерзімі 2 (екі) жұмыс күні.

Біліктілік комиссиясының төрағасы куәлікті немесе куәлікке қосымшаны қарастырады және оған қол қояды - орындау мерзімі 1 (бір) жұмыс күні.

осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес біліктілік куәлігі немесе осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес біліктілік куәлігіне қосымша көрсетілетін қызметті берушінің комиссия төрағасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" - портал арқылы жіберіледі.

13. Комиссия теріс шешім қабылдаған жағдайда, сот сарапшылардың біліктілік дайындығын өткеннен кейін үш айдан бұрын және алты айдан кем емес мерзімде емтиханды қайталама тапсыруға жіберіледі.

14. Емтиханды өткізу кезінде туындаған даулар сотта қарастырылады.

15. 2015 жылғы маусымға дейін берілген "Сот сарапшысы біліктілігін беру" және 2018 жылғы ақпанға дейін берілген "Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалардың белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша біліктілік куәлігін немесе біліктілік куәлігіне қосымшасын жоғалтқан немесе зақымданған (бүлдірген) жағдайда адамның өтініші бойынша (жоғалтуға/бүлінуге себеп болған жағдайлары

көрсетілуі қажет) Орталықпен біліктілік куәлігінің немесе біліктілік куәлігінің көшірмесі (бұдан әрі - көшірмесі) беріледі.

Көшірме порталдағы тиісті ақпараттық жүйесінен біліктілік куәлігі немесе біліктілік куәлігіне қосымша туралы мәліметтерді алу мүмкіндігі болмаған жағдайда өтініш түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде қағаз нысанында беріледі.

Көшірмеге біліктілік комиссиясының төрағасы қол қояды.

16. Ақпараттық жүйеде жаңылу болған жағдайда, электрондық байланыс болмағанда немесе хабарламаны жіберуге кедергі болатын өзгеде жағдайлар туындағанда, көрсетілетін қызметті көрсетушінің уәкілетті бөлімшесі "электрондық үкімет" ақпараттық -коммуникациялық инфрақұрылымның операторын (бұдан әрі - оператор) хабардар етеді, оператор техникалық жаңылулардың туындауын анықтаған сәттен бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін (жұмыс күндері сағат 9:00-ден сағат 18:30-ға дейін) шараларды қабылдайды.

17. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласында уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

18. Мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде рұқсаттар мен хабарламалар, оның кезеңі туралы деректер автоматты түрде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

### **3-тарау. Комиссия шешімін қайта қарау (апелляция) тәртібі**

19. Көрсетілетін қызметті алушы біліктілік емтиханы нәтижелерімен қанағаттанбаған жағдайда, апелляциялық комиссияға қайта қарау өтінішін беруге құқығы бар.

20. Көрсетілетін қызметті алушы ерікті түрде апелляциялық комиссиясының атына өтінішті жазады. Қайта қарау үшін берілген өтініш біліктілік емтиханын өткеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қабылданады және апелляциялық комиссиямен белгіленген кестеге сәйкес апелляциялық комиссияның отырысында қарастырылады.

Апелляциялық комиссияның отырысы келіп түсетін өтініштерге байланысты қажеттілігі болған жағдайда жүргізіледі.

21. Қайта қарауға өтініш қызмет алушыдан шағымдану кезінде қабылданады:

- 1) нақты сұрақтардың дұрыстығы (компьютерлік тестілеу және билеттері бойынша) ;
- 2) техникалық ақауларға сілтеме жасап тестілеу нәтижелері бойынша;
- 3) тестілеу ережелерін бұзу туралы акт;

22. Апелляциялық комиссия отырысында қайта қарауға өтініш берген көрсетілетін қызметті алушының компьютерлік тесттер мен емтихан билеттеріне қайтарған дұрыс емес жауаптары мен оның нұсқалары және (немесе) қызмет алушының тестілеу кезіндегі бейне - және аудио жазба үрдісі қарастырылады.

23. Апелляциялық комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан комиссияның басым мүшелерінің берген дауыстарымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыс беру шешімі бірдей болған жағдайда, шешуші дауыс комиссия төрағасының дауысы болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі екі данада жасалған хаттамамен ресімделеді және оған осы отырыста қатысқан барлық апелляциялық комиссияның мүшелерімен қол қойылады. Апелляциялық комиссия отырысы хаттамасының екінші нұсқасы қызмет алушыға беріледі және бір жыл көлемінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның жалпы санынан  $\frac{2}{3}$  (екі де үш) мүшелерінің болғаны кезінде дұрыс болып саналады.

Апелляциялық комиссия комиссия төрағасын қоса алғанда бес комиссия мүшесінен тұрады.

24. Апелляциялық комиссия қайта қарауға түскен өтінішті қарастыру нәтижелері бойынша өтініш түскен күнен бастап екі күн ішінде келесі екі шешімнің біреуін қабылдайды:

1) қайта қарауды қанағаттандырусыз қалдыру;

2) қызмет алушының өтінішін қанағаттандырып, оны қайталама біліктілік емтиханын тапсыруға жіберу.

#### **4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымдық тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

25. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жіберілуі мүмкін.

26. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына көрсетілетін қызметті алушыдан түскен шағым оны тіркеген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

27. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына көрсетілген қызметті алушыдан түскен шағым оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.



28. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

Сот сарапшысы біліктілігін беру  
үшін емтихандарды қабылдау  
қағидаларына  
I-қосымша

## "Сот сарапшысы біліктілігін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты (бұдан әрі - Стандарт 1)

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" РМҚК
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілі	www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі - 7 (жеті) жұмыс күндері.
4	Көрсету нысаны	Электрондық
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелері	1) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігі не негіздемелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы себептемелі жауап. 2) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымша не негіздемелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы себептемелі жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем көлемі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайдағы оны алу тәсілі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоса алмағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сай жұмыс уақыты сағат 9:00-ден 18:30 дейін, сағат 13:00 ден 14:30-ға дейін түскі үзілісімен дүйсенбіден жұма аралығында. 2) портала - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушының жұмыс уақытының аяқталған, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтінішті берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы жұмыс істейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызмет берушінің www.adilet.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

8	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі	осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 1-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысаныдағы өтініш; осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, және (немесе) олардың ішіндегі деректерді (мәліметтерді) алу үшін қызмет алушымен ұсынылған құжаттардың дұрыс еместігі анықталғанда; 2) Қағидалардың талаптарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қызмет алушының және (немесе) ұсынылған материалдар мен деректердің (мәліметтердің) сәйкес к е л м е у і ; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған қызмет алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі.
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде электрондық нысан түрінде көрсету ерекшеліктерінің есебімен өзгеде талаптар	1. Қызмет алушы ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу м ү м к і н д і г і б а р . 2. Қызмет алушы "жеке кабинет"порталы, сонымен қатар бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жойылған рұқсат режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі мен белгісі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. 3. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде көру қабілеті кеміс адамдар үшін қызметті алу нұсқалары қ о л ж е т і м д і . 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары <a href="http://www.energo.gov.kz">www.energo.gov.kz</a> интернет ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген.Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығының нөмірі: 1414, 8 800 080 7777.

Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларына 2-қосымша

**"Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сарапшыларының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты (бұдан әрі - Стандарт 2)**

1	Қызмет берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" РМҚК
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілі	<a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі - 7 (жеті) жұмыс күндері.
4	Көрсету нысаны	Электрондық
		1) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігі не негіздемелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы с е б е п т е м е л і ж а у а п .

5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелері	2) сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымша не негіздемелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы себептемелі жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны: электрондық.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем көлемі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайдағы оны алу тәсілі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоса алмағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сай жұмыс уақыты сағат 9:00-ден 18:30 дейін, сағат 13:00 ден 14:30-ға дейін түскі үзілісімен дүйсенбіден жұма аралығында. 2) портала - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушының жұмыс уақытының аяқталған, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтінішті берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы жұмыс істейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызмет берушінің <a href="http://www.adilet.gov.kz">www.adilet.gov.kz</a> ресми интернет-ресурсында орналастырылған.
8	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі	осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 1-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысаныдағы өтініш; осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, және (немесе) олардың ішіндегі деректерді (мәліметтерді) алу үшін қызмет алушымен ұсынылған құжаттардың дұрыс еместігі анықталғанда; 2) Қағидалардың талаптарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қызмет алушының және (немесе) ұсынылған материалдар мен деректердің (мәліметтердің) сәйкес келмеуі; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған қызмет алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі.
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде электрондық нысан түрінде көрсету ерекшеліктерінің есебімен өзгеде талаптар	1. Қызмет алушы ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу мүмкіндігі бар. 2. Қызмет алушы "жеке кабинет" порталы, сонымен қатар бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жойылған рұқсат режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі мен белгісі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. 3. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде көру қабілеті кеміс адамдар үшін қызметті алу нұсқалары қол жетімді. 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары

www.energo.gov.kz интернет ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығының нөмірі: 1414, 8 800 080 7777.

Стандарт 1 және Стандарт 2-ге  
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің

Сот сарапшысы

біліктілігін беру үшін

емтихандарды қабылдау

комиссиясы төрағасының

орынбасарына

## Өтініш

Сізден, мені келесі \_\_\_\_\_

мамандықтар бойынша емтихан тапсыруға жіберуіңізді сұраймын:

Қоса берілген құжаттардың тізімі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

Ақпараттық жүйелердегі, заңмен қорғалған құпиялардағы мәліметтерді қолдануға келісемін: \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (болған жағдайда) және қызмет алушының қолы

Өтініш берген күні

Стандарт 1 және Стандарт 2-ге  
2-қосымша

## Мәліметтер нысаны

Өтінім бойынша деректер

1. Өтініш нөмірі
  2. Қалыптастыру күні
- Негізгі мәліметтер
3. Жеке сәйкестендіру номері
  4. Тегі
  5. Аты
  6. Әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәлімет

7. Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі

8. Нөмірі
9. Сериясы
10. Берілген күні
11. Аяқталу күні
12. Берген орган  
Мекенжайы
13. Пошталық индекс
14. Мемлекет, облыс, аудан, елді мекен
15. Көшенің аты
16. Үйдің, ғимараттың нөмірі
17. Пәтердің, кеңсенің нөмірі
18. Телефон нөмірі
- Жоғары білімі туралы мәліметтер
19. Жоғары білім беру ұйымының толық атауы
20. Дипломның сериясы мен нөмірі
21. Оқуға түскен жылы
22. Оқуды аяқтаған жылы
23. Диплом бойынша мамандығы
24. Диплом бойынша біліктілігі
25. Дипломдарды нострификаттау (қажеттілігі болған жағдайда)  
Біліктілік даярлықты өту туралы деректер
26. Сот сарапшыларының біліктілік даярлықты өту орны
27. Мамандығы
28. Сот сарапшыларының біліктілік даярлықты өтудің басталу күні
29. Сот сарапшыларының біліктілік даярлықты өтуді аяқтау күні
30. Сот сарапшыларының біліктілік даярлықты өту кезіндегі зерделеген материалдары
31. Сот сарапшыларының біліктілік даярлық басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) лауазымы
32. Сот сарапшыларының біліктілік даярлықты өтуі туралы есебі


Сот сарапшысы біліктілігін беру  
үшін емтихандарды қабылдау  
қағидаларына  
3-қосымша



**Себептемелі бас тарту**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сіздің жылғы (өтініш күні) № (өтініш нөмірі) өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды.  
Бас тарту себебі.

Қол қоюшының лауазымы Қол қоюшының аты-жөні, тегі (болған жағдайда)



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Сот сарапшысы біліктілігін беру үшін емтихандарды қабылдау қағидаларына 4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сарапшысының біліктілігін беру жөніндегі комиссиясы отырысының № хаттамасы**

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қаласы

Төраға \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

бұйрығының негізінде жұмыс істейтін біліктілік комиссиясының қарауына

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы)

ұсынылған материалдары \_\_\_\_\_

(өтініш, дипломдардың көшірмелері, сот сарапшыларының біліктілік даярлығынан өткендігі

туралы есеп, сот сарапшыларының біліктілік даярлығынан өткендігі туралы пікір, біліктілігін

арттыруы немесе қайта даярлықтан өткендігі туралы құжаттардың көшірмелері) 1 кезеңнің

нәтижелері (алғашқы мамандықты игеру үшін компьютерлік тестілеуді жүргізу): \_ балл,

екінші кезеңге: "жіберіледі"/ "жіберілмейді" (қажеттісін сызу) 2 кезеңнің нәтижелері (емтихан

билеттері бойынша білімдерін тексеру).

Комиссия шешім қабылдады:

1) \_\_\_\_\_ біліктілік берілді

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)

2) \_\_\_\_\_ біліктілік берілген жоқ

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы (Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы (Т.А.Ә. (болған жағдайда)

\_\_\_\_\_ қолы (Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Комиссия хатшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы (Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Сот сарапшысы біліктілігін беру  
үшін емтихандарды қабылдау  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігі № \_\_\_\_\_**

Осы куәлік \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ берілді  
(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

өйткені, оған біліктілік комиссиясының 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ шешімімен:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігі берілді.

(комиссия төрағасының қолы немесе ЭЦҚ)

Сот сарапшысы біліктілігін беру  
үшін емтихандарды қабылдау  
қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

**Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымша № \_\_\_\_\_**

Осы куәлік \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ берілді

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

өйткені, оған біліктілік комиссиясының 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ шешімімен:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігі берілді.

(комиссия төрағасының қолы немесе ЭЦҚ)

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің м.а.  
2020 жылғы 21 мамырдағы  
№ 43 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2017 жылғы 30 наурыздағы  
№ 336 бұйрығымен  
бекітілген



# Сот сарапшыларын аттестаттау қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сот сарапшыларын аттестаттау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сот-сараптамасы қызметі туралы" 2017 жылғы 10 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 18) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Сот сарапшыларын аттестаттау" және "Сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі түсініктер қарастырылған:

1) Бірыңғай байланыс-орталығы - ақпараттық-коммуникациялық, мемлекеттік қызметтер және өзге де қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты көрсетілетін қызмет алушыларға, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға ұсыну бойынша ақпараттық-анықтамалық қызметінің функцияларын орындайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын заңды тұлға;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

3) сот сарапшысын кезекті аттестаттау - сот-сараптама қызметін жиырма жылдан аса жүзеге асырған адамдарды қоспағанда, әрбір бес жыл сайын кезеңмен өткізілетін рәсім;

4) сот сарапшысын кезектен тыс аттестаттау - Заңның 20-бабымен белгіленген біліктілік талаптарына сот сарапшысының сәйкес келмеген жағдайдағы жүргізілетін рәсім;

5) сот сарапшысын аттестаттау (бұдан әрі - аттестация) - Заңмен белгіленген біліктілік талаптарына сот сарапшысының сәйкес келуін айқындау бойынша кезекті және кезектен тыс аттестаттауды қамтитын рәсім;

6) сот сарапшысы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) - сот сараптамалары органының қызметкерлері болып табылатын сот, сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сарапшылар, сондай-ақ, лицензия негізінде сот-сараптамасы қызметімен айналысатын адамдар;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы [www.egov.kz.](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нұсқада көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосудың техникалық шарттарын беру қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметтеріне қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) -электрондық цифрлық қолтаңбамен құрылған және электрондық құжаттың түпнұсқалығын, оның тиесілігін және мазмұнның өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Бала күтімі демалысында болған көрсетілетін қызметті алушылар қызметке шыққаннан кейін үш айдан кейін не алты айдан кешіктірілмей аттестатталады.

## **2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі**

4. Аттестаттауға жататын, лицензия негізінде сот-сараптамасы қызметімен айналысатын адамдардың тізімі оны өткізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кем емес мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрінің не болмаса оны ауыстыратын адамның бұйрығымен бекітіледі.

5. Аттестаттауға жататын, сот сараптамалары органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларының тізімі мен аттестацияны өткізу кестесі "Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) басшысымен не боламаса оны ауыстыратын адаммен бекітіледі.

6. Лицензия негізінде сот-сараптамасы қызметімен айналысатын адамдарды кезектен тыс аттестаттаудан өткізу туралы шешім Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) сот-сараптамасы қызметін лицензиялау бойынша комиссиясымен қабылданады, ал сот-сараптамалары органдарының қызметкерлері болып табылатын сот сарапшыларын кезектен тыс аттестаттау осы Қағидаға 13-тармағымен белгіленген тәртіпте көрсетілетін қызмет берушінің басшысымен қабылданады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны, аттестацияға жіберілгендерді аттестацияны өткізгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өткізілетін орны, уақыты, аттестацияның өткізілу тәртібі туралы жазбаша хабарландырады.

8. Аттестацияға жататын көрсетілетін қызметті алушылар жазбаша хабарламаны алған сәттен бастап оны өткізгенге дейін күнтізбелік үш жұмыс күннен кешіктірмей сот сарапшыларын аттестаттау, аттестацияны өткізу жөніндегі Комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) құжаттарды жолдайды.

9. Аттестацияны өту үшін, көрсетілетін қызметті алушы аттестацияны өткізу не аттестацияны өткізу бойынша аттестациялық куәлік бойынша комиссия отырысының қорытындысын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы "Сот сарапшылар аттестаттау" Стандартының (бұдан әрі - Стандарт1) және "Сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау" Стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 8-тармақтарына сәйкес электрондық құжат нысаны түрінде құжаттарды жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетудің негізгі талаптар тізімі үрдіс сипаттамасын, нысанды, көрсету мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету ерекшеліктері есебімен мәліметтерді қамтитын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Стандарт 2-де көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жалпы мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

10. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдау мен тіркеуді жүзеге асырады.

Портал арқылы көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге арналған өтініштің қабылданғаны туралы белгі жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс күні аяқталған уақытта, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, еібек заңнамасына сәйкес, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген қызметті берушінің жауапты орындаушысы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Көрсетуден себептемелі бас тарту негіздемелері "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 19-1-бабы 2-тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Стандарт 2 9-тармақтарында көрсетілген.

Көрсетілген қызметті алушы толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші жетекшісінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат түрінде өтінішті бұдан әрі қарастырудан себептемелі бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Стандарт 2 көрсетілген толық құжаттар пакетін ұсынған, сондай-ақ, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге себептемелі бас тарту үшін негізделердің

болмағаны жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы аттестацияны өткізу үшін көрсетілетін қызметті алушының материалдарын дайындайды - орындау мерзімі 3 (үш) жұмыс күні.

11. Комиссия төртінші жұмыс күні көрсетілетін қызметті алушының қатысуымен аттестацияны өткізеді.

Тестілеу аудиториясы аудио және бейне бақылау жүйесімен қамтамасыз етілген.

12. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша аттестация 2 кезеңде қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

1) тестілеу: қылмыстық-процестік құқық бойынша (20 сұрақ); азаматтық - процестік құқық бойынша (20 сұрақ); криминалистика бойынша (20 сұрақ); әкімшілік құқық бойынша (20 сұрақ); Заң бойынша (20 сұрақ) барлығы 100 сұрақты құрайды.

Тестілеу сұрақтары қызмет алушының жұмыс үрдісінде қолданатын негізгі заңдарды білуін тексеруге бағытталған.

Ғылыми атағы немесе сараптама мамандығы бойынша бес жылдан кем емес еңбек өтілі бар қызмет алушының бас сарапшылары компьютерлік тестілеу сұрақтарының әзірлеушілері болып табылады.

2) білімін тексеру: сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша ауызша әңгімелесу (мамандығы бойынша 5 сұрақтан көп емес).

13. Қызмет алушылар тестілеуге жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жіберіледі.

Тестілеу уақыты 90 минутты құрайды.

Қызмет алушылар тестілеу кезінде өзара сөйлесе алмайды. Қызмет алушыларға көмекші құжаттарды (анықтамаларды, арнайы әдебиеттерді), байланыс құралдары мен электрондық тасығыштағы жазбаларды пайдалануға жол берілмейді. Аталған тармақты қызмет алушы бірінші рет бұзған жағдайда, ауызша түрде ескертілетін болады, ал қайталама бұзған жағдайда қызмет алушы компьютерлік тестілеуді ары қарай өтуден шеттетілетін болады.

14. Тестілеудің өтудің шекті мәні қойылған сұрақтың жалпы санынан дұрыс жауаптың 70% құрайды.

Тестілеудің нәтижелерін есептеу автоматты түрде, компьютерлік бағдарлама арқылы жүргізіледі.

Нәтижиелер екі данада басып шығарылады, оларға түпнұсқалық пен анықтылығын қамтамасыз ету мақсатында сот сараптамалары органының мөрімен куәландырылады. Оның бір данасы қызмет алушыға беріледі, ал екінші данасы қызмет алушының қолымен қызмет алушының аттестациялық ісінде сақталады.

15. Егер тестілеудің нәтижиелері белгіленген шекті мәннен кем болса, аттестаттауға жататын қызмет алушы аттестацияның келесі кезеңіне жіберілмейді.

16. Білімін тексеру сараптамалық мамандықтың белгілі бір түрі бойынша өтеді және қызмет алушының кәсіптік деңгейі бағаланады.

Қызмет алушының ауызша әңгімелесу нысанында білімін тексеру барысында қойылған сұрақтың жалпы санынан 70% дұрыс жауап берген жағдайда, қызмет алушы аттестациядан өткен деп саналады.

17. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Стандарт 1 және Сатандарт 2 көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ, аттестацияның екі кезеңінен өткен нәтижелерді қарап, Комиссия келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) қайталама аттестаттауға жатады.

Аттестаттаудың нәтижелері аттестаттау өткізілген күні жарияланады және осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қызмет алушының аттестациясын, өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасында (бұдан әрі - хаттама) көрсетіледі.

18. Аттестаттаудан өтпеген көрсетілетін қызметті алушы, бір реттік қайталама аттестаттаудан өтуге жатады.

19. Қайталама аттестация осы Қағидалардың 13-тармағымен белгіленген тәртіпте аттестацияны өткізген күнінен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кем емес мерзімде өткізіледі.

20. Қайталама аттестацияда, аттестаттауда тестілеудің шекті мәнін өткен соң, көрсетілетін қызметті алушы қайталама тест тапсырмай әңгімелесуге жіберіледі.

Комиссия, көрсетілетін қызметті алушының қайталама аттестацияны өткен кезде, келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) аттестатталмады.

Лицензия негізінде сот-сараптамасы қызметімен айналысатын адамдардың Заңның 14-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қайталама аттестацияны өтпеген жағдайда, Министрлік талап арыз бойынша сот тәртібінде сот-сараптамасы қызметімен айналысуға лицензиядан айыруды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы кезекті аттестацияны өтпеген жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес көрсетілген қызметті алушымен жасалған еңбек шарты бұзылады.

21. Аттестацияның нәтижелері хаттамада көрсетіледі.

22. "Сот сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша аттестаттау Комиссияның шешімімен осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес аттестацияны, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушыны аттестаттау комиссиясының қорытындысы (бұдан әрі - қорытынды), ал "Сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір данада аттестациялық куәлік (бұдан әрі - аттестациялық куәлік) түрінде ресімделінеді.

23. Қызмет берушінің жауапты орындаушысы электрондық нұсқада қорытынды немесе куәлік жобасын ресімдейді және қызмет берушінің басшысымен келіседі - орындау мерзімі 2 (екі) жұмыс күні.

Аттестациялық комиссияның төрағасы қорытынды немесе куәлікті қарастырады және қол қояды - орындау мерзімі 1 (бір) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті алушыға қорытынды немесе куәлік-қызметті берушінің комиссия төрағасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" - портал арқылы жіберіледі.

24. Ақпараттық жүйеде жаңылу болған жағдайда, электрондық байланыс болмағанда немесе хабарламаны жіберуге кедергі болатын өзгеде жағдайлар туындағанда, көрсетілетін қызметті көрсетушінің уәкілетті бөлімшесі "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторын (бұдан әрі - оператор) хабардар етеді, оператор техникалық жаңылулардың туындауын анықтаған сәттен бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін (жұмыс күндері сағат 9:00-ден сағат 18:30-ға дейін) шараларды қабылдайды.

25. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласында уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезеңі туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

26. Мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету кезінде рұқсаттар мен хабарламалар, оның кезеңі туралы деректер автоматты түрде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

### **3-тарау. Комиссия шешімін қайта қарау (апелляция) тәртібі**

27. Қызмет алушы аттестация нәтижелерімен қанағаттанбаған жағдайда, апелляциялық комиссияға қайта қарау өтінішін беруге құқығы бар.

28. Қызметті алушы ерікті түрде апелляциялық комиссиясының атына өтінішті жазады. Қайта қарау үшін берілген өтініш аттестацияны өткенен кейін екі жұмыс күні ішінде қабылданады және апелляциялық комиссиямен белгіленген кестеге сәйкес апелляциялық комиссияның отырысында қарастырылады.

Апелляциялық комиссияның отырысы келіп түсетін өтініштерге байланысты қажеттілігі болған жағдайда жүргізіледі.

29. Қайта қарауға өтініш көрсетілетін қызметті алушыдан шағымдану кезінде қабылданады:

1) нақты сұрақтардың дұрыстығы (компьютерлік тестілеу және билеттері бойынша)

;

2) техникалық ақауларға сілтеме жасап тестілеу нәтижелері бойынша;

3) тестілеу ережелерін бұзу туралы акт;

30. Апелляциялық комиссия отырысында қайта қарауға өтініш берген қызмет алушының компьютерлік тесттер мен сұрақтарына қайтарған дұрыс емес жауаптары мен оның нұсқалары және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының тестілеу кезіндегі бейне - және аудио жазба үрдісі қарастырылады.

31. Апелляциялық комиссия шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санынан комиссияның басым мүшелерінің берген дауыстарымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыс беру шешімі бірдей болған жағдайда, шешуші дауыс комиссия төрағасының дауысы болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі екі данада жасалған хаттамамен ресімделеді және оған осы отырыста қатысқан барлық апелляциялық комиссияның мүшелерімен қол қойылады. Апелляциялық комиссия отырысы хаттамасының екінші нұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі және бір жыл көлемінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның жалпы санынан 2/3 (екі де үш) мүшелерінің болғаны кезінде дұрыс болып саналады.

Апелляциялық комиссия комиссия төрағасын қоса алғанда бес комиссия мүшесінен тұрады.

32. Апелляциялық комиссия қайта қарауға түскен өтінішті қарастыру нәтижелері бойынша өтініш түскен күннен бастап екі күн ішінде келесі екі шешімнің біреуін қабылдайды:

1) қайта қарауды қанағаттандырусыз қалдыру;

2) қызмет алушының өтінішін қанағаттандырып, оны қайталама мемлекеттік көрсетілетін қызметті тапсыруға жіберу.

#### **4-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымдық тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

33. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жіберілуі мүмкін.

34. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына көрсетілетін қызметті алушыдан түскен шағым оны тіркеген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

35. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына көрсетілген қызметті алушыдан түскен шағым оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастыруға жатады.

36. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

Сот сарапшыларын  
аттестаттау қағидаларына  
I-қосымша

## "Сот сарапшыларын аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты (бұдан әрі - Стандарт 1)

1	Қызмет берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" РМҚК
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілі	www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі - 7 (жеті) жұмыс күндері.
4	Көрсету нысаны	Электрондық
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелері	Аттестациялық комиссияның қорытындысы немесе аттестациялық комиссияның қорытындысы не негіздемелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы себептемелі жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем көлемі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайдағы оны алу тәсілі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоса алмағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сай жұмыс уақыты сағат 9:00-ден 18:30 дейін, сағат 13:00 ден 14:30-ға дейін түскі үзілісімен дүйсенбіден жұма аралығында. 2) портала - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушының жұмыс уақытының аяқталған, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтінішті берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы жұмыс істейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызмет берушінің www.adilet.gov.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.
		1) қызмет берушінің қызметкеріне: осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; кәсіби дайындық деңгейі көрсетілген, аумақтық бөлімше басшысының не болмаса оны ауыстыратын адамның қолы қойылған сот сарапшысына берілген мінездеменің электрондық



8	Құжаттар тізімі	<p>к о ш і р м е с і ;</p> <p>соңғы жылдағы сот сарапшысының қорытындысына берілген рецензияның электрондық көшірмесі;</p> <p>осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.</p> <p>2) лицензия негізінде сот-сараптамасы қызметін жүзеге асыратын а д а м ғ а :</p> <p>осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартын 1-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш;</p> <p>соңғы жылдағы сот сарапшысының қорытындысына берілген рецензияның электрондық көшірмесі;</p> <p>осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, және (немесе) олардың ішіндегі деректерді (мәліметтерді) алу үшін көрсетілетін қызметті алушымен ұсынылған құжаттардың дұрыс еместігі анықталғанда;</p> <p>2) Қағидалардың талаптарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған матреиалдар мен деректердің (мәліметтердің) с ә й к е с к е л м е у і ;</p> <p>3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі.</p>
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде электрондық нысан түрінде көрсету ерекшеліктерінің есебімен өзгеде талаптар	<p>1. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу мүмкіндігі бар.</p> <p>2. Көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинет" порталы, сонымен қатар бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жойылған рұқсат режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі мен белгісі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.</p> <p>3. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде көру қабілеті кеміс адамдар үшін қызметті алу нұсқалары қ о л ж е т і м д і .</p> <p>4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары <a href="http://www.energo.gov.kz">www.energo.gov.kz</a> интернет ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығының нөмірі: 1414, 8 800 080 7777.</p>

Сот сарапшыларын  
аттестаттау қағидаларына  
2-қосымша

## **Стандарт государственной услуги "Сот-медикалдық, сот-психиатриялық, сот-наркологиалық сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарты (бұдан әрі - Стандарт 2)**

1	Қызмет берушінің атауы	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" РМҚК
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәсілі	<a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімі	Көрсету мерзімі - 7 (жеті) жұмыс күндері.
4	Көрсету нысаны	Электрондық
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелері	Аттестациялық куәлік немесе аттестациялық қорытынды не негіздемелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуден бас тарту туралы себептемелі жауап. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны.
6	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем көлемі және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайдағы оны алу тәсілі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) қызмет беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоса алмағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сай жұмыс уақыты сағат 9:00-ден 18:30 дейін, сағат 13:00 ден 14:30-ға дейін түскі үзілісімен дүйсенбіден жұма аралығында.</p> <p>2) портала - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызмет алушының жұмыс уақытының аяқталған, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтінішті берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Қазақстан Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.adilet.gov.kz">www.adilet.gov.kz</a> ресми интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
8	Құжаттар тізімі	<p>1) қызмет берушінің қызметкеріне: осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 1-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; кәсіби дайындық деңгейі көрсетілген, аумақтық бөлімше басшысының не болмаса оны ауыстыратын адамның қолы қойылған сот сарапшысына берілген мінездеменің электрондық көшірмесі; соңғы жылдағы сот сарапшысының қорытындысына берілген рецензияның электрондық көшірмесі; осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.</p> <p>2) лицензия негізінде сот-сараптамасы қызметін жүзеге асыратын адамға:</p> <p>осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 1-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтініш; соңғы жылдағы сот сарапшысының қорытындысына берілген рецензияның электрондық көшірмесі; осы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәліметтер.</p>
	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, және (немесе) олардың ішіндегі деректерді (мәліметтерді) алу үшін көрсетілетін қызметті алушымен ұсынылған құжаттардың дұрыс еместігі анықталғанда;</p> <p>2) Қағидалардың талаптарына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін</p>

9	қызметтерді көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	қызметтерді көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған матреиалдар мен деректердің (мәліметтердің) с ә й к е с к е л м е у і ; 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі.
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде электрондық нысан түрінде көрсету ерекшеліктерінің есебімен өзгеде талаптар	1. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу мүмкіндігі бар. 2. Көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинет" порталы, сонымен қатар бірыңғай байланыс-орталығы арқылы жойылған рұқсат режимінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі мен белгісі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. 3. Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде көру қабілеті кеміс адамдар үшін қызметті алу нұсқалары қ о л ж е т і м д і . 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.energo.gov.kz интернет ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығының нөмірі: 1414, 8 800 080 7777.

Стандарт 1 және Стандарт 2-ге  
1-қосымша  
Нысан  
Сот сарапшылары  
аттестациясын, оның ішінде  
кезектен тыс аттестаттауды  
өткізу жөніндегі  
комиссия төрағасының  
орынбасарына

## Өтініш

Сізден, мені сот сарапшыларын аттестаттаудан, оның ішінде кезектен тыс аттестаттаудан өтуге жіберуіңізді сұраймын.

Сонымен қатар, аттестаттаудан, оның ішінде кезектен тыс аттестаттаудан өту үшін келесі құжаттарды жолдаймын:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_

Ақпараттық жүйелердегі, заңмен қорғалған құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін:

\_\_\_\_\_  
қолы (Т. А. Ә (болғанжағдайда)

Стандарт 1 және Стандарт 2-ге  
2-қосымша  
Нысан

## Мәліметтер нысаны

Өтінім бойынша деректер

1. Өтініш нөмірі

2. Құру күні

Негізгі мәліметтер

3. Жеке сәйкестендіру номері

4. Тегі

5. Аты

6. Әкесінің аты (болған жағдайда)

Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер

7. Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі

8. Нөмірі

9. Сериясы

10. Берілген күні

11. Аяқталу күні

12. Берген органы

Мекен-жайы

13. Пошталық индекс

14. Мемлекет, облыс, аудан, елді мекен

15. Көшенің аты

16. Үйдің, ғимараттың нөмірі

17. Пәтердің, кеңсенің нөмірі

18. Телефон нөмірі

Жоғары білімі туралы мәліметтер

19. Жоғары білім беру ұйымының толық атауы

20. Дипломның сериясы мен нөмірі

21. Оқуға түскен жылы

22. Оқуды аяқтаған жылы

23. Диплом бойынша мамандығы

24. Диплом бойынша біліктілігі

25. Дипломдарды нострификаттау (қажеттілігі болған жағдайда)

Бинталандыру және тәртіптік жазаларының болуы туралы мәліметтер (олардың болғаны жағдайда)

26. Бұйрықтың нөмірі мен күні

27. Бұйрықтың атауы

28. Ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс (керегінің астын сызу қажет)

Сот-медициналық, сот-наркологиалық, сот-психиатриялық мамандықтары бойынша сот сарапшылары үшін соңғы 5 жылдағы біліктілікті арттыру туралы куәліктің болуы туралы мәлімет

29. Нөмірі

30. Ұйымның атауы

31. Циклдың атауы

33. Берілген күні

Қызметті жүзеге асыру туралы деректер

34. Сот сараптамасы қызметін жүзеге асыру бойынша өзіңіздің тәсіліңізді таңдаңыз:

35. Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына біліктілік куәлігі (оған қосымшасымен бірге)

Біліктілік куәлігінің (қосымшасымен бірге) номері	Рұқсат беру құжатының мерзімі	Мамандығы
---	-------------------------------	-----------

Сот сараптама қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратын адам

36. Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығын беретін біліктілік куәлігі (оған қосымшасымен бірге)

Біліктілік куәлігінің (қосымшасымен бірге) номері	Рұқсат беру құжатының мерзімі	Мамандығы
Лицензия нөмірі	Лицензияны берген күні	


Сот сарапшыларын  
аттестаттау қағидаларына  
3-қосымша



### Себептемелі бас тарту

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сіздің жылғы (өтініш күні) № (өтініш нөмірі) өтінішіңізді карап келесіні хабарлайды.  
Бас тарту себебі.

Қол қоюшының лауазымы Қол қоюшының аты-жөні, тегі (болған жағдайда)



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Сот сарапшыларын  
аттестаттау қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

## Сот сарапшылары аттестациясын, оның ішінде кезектен тыс аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия отырысының № хаттамасы

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қаласы

Төраға \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (не болмаса оны ауыстыратын адамның) 20\_\_  
жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығы негізінде әрекет ететін комиссиясының  
қарауына

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы) құжаттары ұсынылды. 1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

(ұсынылған құжаттар)

1 кезеңнің (компьютерлік тестілеу өткізу) нәтижелері:

\_\_\_\_\_ балл, екінші кезеңге: "жіберіледі"/"жіберілмейді".

Сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша өткізілген ауызша әңгімелесудің/  
емтихан

билетінің қысқаша мазмұны:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

Шешім қабылдау жөніндегі комиссиясы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

"қолдаған" \_\_\_\_\_, "қарсы" \_\_\_\_\_ дауыс.

Комиссиясы былай деп шешті:

1) \_\_\_\_\_ аттестатталды

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

2) \_\_\_\_\_ қайта аттестаттауға жатады

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

3) \_\_\_\_\_ аттестатталмады

Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(қолы) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(қолы) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

\_\_\_\_\_  
(қолы) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

\_\_\_\_\_  
(қолы) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Хатшы: \_\_\_\_\_

(қолы) Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Сот сарапшыларын  
аттестаттау қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

## Аттестациялық комиссияның № қорытындысы

20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ каласы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (не болмаса оны

ауыстыратын адамның) 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығы негізінде әрекет ететін

комиссиясы құрамында:

Төраға \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
Хатшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(аттестацияның түрі, тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда),  
сот сарапшысының лауазымы және жұмыс орны)  
құжаттарды қарап,

Былай деп шешті: \_\_\_\_\_  
(аттестаттаудың нәтижесі)

\_\_\_\_\_  
(Комиссия төрағасының қолы немесе ЭЦҚ)

Сот сарапшыларын  
аттестаттау қағидаларына  
6-қосымша  
Нысан

## Аттестациялық куәліктің №

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ қаласы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (не  
болмаса оны  
ауыстыратын адамның)  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығы негізінде әрекет ететін комиссиясы  
құрамында:

Төраға \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(аттестацияның түрі, тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда),  
сот сарапшысының лауазымы және жұмыс орны)  
құжаттарды қарап,  
Былай деп шешті: \_\_\_\_\_  
(аттестаттаудың нәтижесі)

\_\_\_\_\_  
(Комиссия төрағасының қолы немесе ЭЦҚ)

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің м.а.  
2020 жылғы 21 мамырдағы  
№ 43 бұйрығына  
3-қосымша

## Қазақстан Республикасы Әділет министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі

1. "Сот-сараптамасы қызметі саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 5 қаңтардағы № 19 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу



тізілімінде № 16359 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 12 наурызда жарияланған);

2. "Сот-сараптамасы қызметі саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 630 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 5 мамырда № 16869 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 18 мамырда жарияланған);

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК